

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі Геология және жер қойнауын пайдалану комитетінің және оның аумақтық бөлімшелерінің ерекше үй-жайларына арналған алаңдардың нормаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің м.а. 2015 жылғы 22 шілдедегі № 775 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 26 желтоқсанда № 12536 болып тіркелді

2008 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Бюджеттік кодексінің 69 -бабы 2-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі Геология және жер қойнауын пайдалану комитетінің және оның аумақтық бөлімшелерінің ерекше үй-жайларына арналған алаңдардың нормалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Геология және жер қойнауын пайдалану комитеті:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін мерзімді баспа басылымдарында және «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға жіберуді;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің интернет-ресурсында және мемлекеттік органдардың интранет-порталында орналастырылуын;

4) осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Заң департаментіне осы бұйрықтың 2-тармағы 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Инвестициялар және даму министрінің
міндетін атқарушы* *А. Рау*

« К Е Л І С І Л Г Е Н »
Қазақстан Республикасының
Қ а р ж ы м и н и с т р і
Б. Сұлтанов

2015 жылғы 18 желтоқсан

Қазақстан Республикасы
Инвестициялар және даму
министрінің міндетін атқарушысының
2015 жылғы 22 шілдедегі
№ 775 бұйрығымен бекітілген

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі Геология және жер қойнауын пайдалану комитетінің және оның аумақтық бөлімшелерінің ерекше үй-жайларына арналған алаңдардың нормалары

р/с №	Үй-жайдың атауы	Өлшем бірлігі	Үй-жайдың алаңы
1	2	3	4
1	Кернді (сыналар) сақтауға және ғылыми-тасты-коллекциялық қорды орналастыруға арналған үй-жайлар (тіреу бағаналары және жабындар алатын алаңдарды есепке алмағанда, 1 шаршы метрге 614 килограмм есеппен)	шаршы метр	1
2	Республикалық және аумақтық геологиялық қорлардың геологиялық материалдарды, бастапқы геологиялық құжаттаманы қағаз және электрондық түрде сақтауға арналған үй-жайлары (тіреу бағаналары және жабындар алатын алаңдарды және стелаждардың салмағын есепке алмағанда, 1 шаршы метрге 224 килограмм есеппен)	шаршы метр	1
3	Республикалық және аумақтық геологиялық қорлардың оқу залына арналған үй-жайлар	шаршы метр	51
4	Республикалық және аумақтық геологиялық қорлардың геологиялық материалдарды және бастапқы құжаттаманы қабылдауға және беруге арналған үй-жайлар	шаршы метр	12
5	Республикалық және аумақтық геологиялық қорларда геологиялық ақпаратты және бастапқы геологиялық материалдарды жүйелеуге және түгендеуге арналған үй-жайлар	шаршы метр	12